ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

3 апта

7-8 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

3 апта

Апталық кітап:

- **7-сынып:** Сапарғали Бегалин “Бала Шоқан”
  Жюль Верн - “Вокруг Света за 80 Дней”
- **8-сынып:** Сайын Мұратбеков “Жусан иісі”
  Мұхтар Мағауин “Бір атаның балалары”
  Жюль Верн - “Дети Капитана Гранта”

Апталық челлендж:

“Мақсатыма жеттім!”

Апталық жоба:

“Шағын сәулет өнері”

Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

“Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет”

Апталық отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

“Мамандықтар жауапкершілігі”

Апталық отбасымен бірге көруге арналған фильмдер:

- “Тар заман” - https://www.youtube.com/watch?v=1ZOBHL-GuwI
- Бәсеке сериалы - https://www.youtube.com/watch?v=AddKItfMMus
- “Того” - www.kinopoisk.ru/film/1173444/
- “Хатико: Самый верный друг” - www.kinopoisk.ru/film/387556/

3 апта

Апталық қолөнер жұмысы:

Кітаптағы сүйікті кейіпкеріңіздің сурет салып көріңіз.

Апталық челлендж:

- "Мақсатыма жеттім!"

Мақсаты: бір күндік немесе бір апталық жоспарлаған жұмысының көздеген уақытта орындалуына қол жеткізу.
Орындалуы: оқушы таңертең немесе апта басында алға қойған мақсаттарын, жоспарын, күнін және сағатын көрсетіп, танымдық видео түсірілім жасайды. Қойған мақсатына жетудегі іс-әрекетін фото, видеоларға түсіріп жинақтайды. Белгілеген күні немесе аптаның соңында видео есеп арқылы челленджді бауырына/достарына жолдай алады. Видеоесеп барысында көздеген мақсатқа қандай жолдармен жеткендігін, қандай қиындықтар мен жеңілдіктер туындағанын түсіндіріп өтуі шарт.

Апталық жоба:

- "Шағын сәулет өнері "

Мақсаты: қолдан архитектуралық ғимарат жасау арқылы табандылықты арттыру.
Орындалуы: үйіңізде бар пластикалық сабан немесе сіріңкеден кез келген архитектуралық ғимарат жасау. Жасалған ғимарат кемінде 0,5 кг көтере алуы керек. Шыққан нәтижені сыныптастармен бөлісу.

3 апта

Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

“Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет”

Құрмет жайында ғибратты әңгіме:

Керей мен Жәнібек Әбілхайырдан бөлініп, жаңа хандық құруға кірісті. Осы сәтте халықтың зиялыларын ақылдасуға бір ордаға жинаған болатын.

- Еш уақытта хан мен билердің бірігуімен ғана хандық құрылмаған. Орда шаңырағын халық көтерген. Қазақ елі егін еккен отырықшы жұрт емес. Бар шаруашылығы — мал өсіру. Мұндай көшпелі елдің халқы — рулары. Олардың көсемдері — батыр, билері болғанменен, дені жай шаруа, кедейлер, - деді Жәнібек.

Жәнібектің ойы — ісін сәтті ету үшін осы қара халықты өз жағына көбірек тарту. Қазір ол соның жолын іздеп отыр.

— Жақсы, — деді Бұрындық, — Алшынды қоя тұралық. Сонда борышымыз не болмақ?

Жәнібек Бұрындыққа ойлана қарады.

— Түсінсең, борышыңды өзің айт. Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмайды.

— Білмеймін, — деді Бұрындық. — Бізге ергісі келмейтін рулар-ды шабамыз ба, қайтеміз?...

Тұңғышының ойланбай айтқан сөзінен намыстанып қалса да, оның тез шамданатын мінезін еске алып, сөзге сараң Керей:

— Ұлым, ел шабуға асықпа, — дей салды.

— Өзгелеріңде қандай ой бар? — деді Жәнібек.

Аға тұрғанда іні сөйлеу сөкет іс қазақ дәстүрінде. Тіл ұшына келіп тұрған айтары болса да осы дәстүрден шыға алмай, Жәнібектің ортаншы ұлы Қасым сұлтан төмен қарап тыпырши берді.

3 апта

— Қасымжан, сен бірдеме демексің бе? — деді Жәнібек баласының сөйлегісі келіп отырғанын сезіп.

— Иә, көке, рұқсат етсеңіз, бірер ауыз кеңесімді мен де берейін деп едім.

— Айт, рұқсат...

— Өзіміз, әне шабыламыз, міне шабыламыз деп келе жатып, біреуді шабамыз деуіміз ағаттық болар... Және көке, өзіңіз айттыңыз ғой, ағайын күшінді көрсе сыйлайды деп...

— Сөйле, сөйле.

— Сөйлесем, біз Моғолстан мен Түркістан шекарасына қашқан ел тәрізді емес, көшкен ел тәрізді болып баруымыз керек. Жағатай ұрпақтары да, Сайбан, Ақсақ Темір ұрпақтары да ел екенімізді көрсін. Және қалай болса солай шұбыра көшкен ел екенімізді емес, дос болса дос бола алатын, қас болса қас бола алатын, қоныс бермесе, күшпен тартып ала алатын жаужүрек қауым екенімізді байқасын. Қазір осы отырғандарымыздың ес білетіндеріміз, сойыл соғып сөз сөйлей алатындарымыз, қасымызға бес-алты қазақтың ер жігіттерін ертіп, ермей қалған, не еру-ермеуін білмей отырған жұртқа тарауымыз абзал. «Бізге еріңдер, бірігіп ел болып, қазақтың Ақ Ордасының туын қайта көтерелік» деуіміз орынды. Ерген жұрт ерер, ермеген жұрт ойға қалар. Қара халық соңымыздан неғұрлым көп ерсе, соғұрлым ісіміздің сәтті болары айқын.

Жәнібек жасөспірім ұлының сөзін бірден іліп әкетті.

— Дұрыс айтасың балам, — деді ол, іштей түбі Қасымнан ұлы адам шығар деген бұрынғы үмітінің бұл жолы бір дерек тастағанына қуанып, — біздің бүгінгі аттанысымыз құр Әбілқайырға өкпелеуден туған аттаныс емес, бұдан жүз жыл бұрын бабамыз Орысхан тіккен Ақ Орданы қайта тұрғызып, Қазақ деген жеке ел болу аттанысы. Ал Орысхан бабамыздың ақ туын тігетін бізде екі-ақ жер бар.

3 апта

***

Бұл кезде Жәнібек пен Керейдің қарамағындағы ел үш жүз мың үйге жеткен.

Әбілқайырдың құрығы бұрын да мойнына түсе қоймаған Көкше теңіз маңындағы ел Жәнібекке тегіс бағынған. Әулиеата, Мерке маңайындағы Дулат пен Қоңыраттар да Жәнібектің жарлығына мойынсынған.

Міне, осы кезде жазғы қамын ойлаған елдің ақсақал, би, батырлары жиналып екі мәселені шешті. Бірі — хан сайлау, екіншісі — жазғы жайлауы етіп Қара Кеңгір, Сары Кеңгір өзендерінен бастап Ұлытау, Арғынаты тауларының бойын қуалай, ортадағы Шойындыкөл, Ақкөл, Барақкөлді ала отырып, сонау, Есіл, Нұра өзендеріне дейін көшпек болды. Екінші мәселе нақты анық болғанымен, біріншісінде тандауға салатын мәселе тұрған еді. Бірақ, беделінің жоғары болғанына қарамастан таққа таласпай, жасының үлкендігін сыйлап, Рабиуыл айының басында ақ кигізге көтеріп, Керейді қазақтың ханы қылып сайлады.

Құрметті оқушылар, осы екі тарихи процесті баяндайтын үзіндіден байқап отырғанымыз:

Жәнібектің «Еш уақытта да хан мен билердің бірігуімен ғана хандық құрылмаған. Орда шаңырағын халық көтерген», - деп жауап бергенінен халыққа деген құрметін байқаймыз. Ал “Аға тұрғанда іні сөйлеу қазақ дәстүрінде сөкет іс” деп Қасым сұлтанның ілтипат көрсетіп, рұқсат алғанша үнсіз отырғаны үлкенге құрметін көрсетеді.

Әлемнің алпауыт елдері тақ үшін қырқыста баласы әкесін, ағайындылар бір-бірін жер аттандырғандарын тарихтан білеміз. Дегенмен, Жәнібек атақ-абыройдың болғанына қарамастан тақтан бас тартып, жасының үлкендігін сыйлап, ағасы інісіне жол бергені құрметтің үлкен үлгісін көрсетті.

3 апта

Отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

Атауы: “Мамандықтар жауапкершілігі”
Мақсаты: өзара ынтымақтастықты арттыру, жауапкершілікке баулу.
Уақыты: 20 минут
Түрі: сұрақ-жауап
Орындалуы: мамандық атауларын көптеп жеке-жеке қағазға жазып, бір қорапқа салады, ойыншылар қарамай бір мамандық атауын таңдайды, барлығы алғаннан кейін сол мамандықтар жайлы 10 минут ізденеді. Уақыт біткен соң сұраққа жауап беруі керек: Мәселен, “Егер белгілі бір мамандықтың иесі өз ісіне жауапкершілікпен қарамаса, не болар еді?”, т.с.с.
Қорытынды: мамандықтар туралы мағлұмат алады. Әр мамандықтың жауапкершілігін түсінеді.

www.qundylyq.kz